

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ӘОЖ: 330.322

ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАЛЫҒЫНЫҢ ФАКТОРЛАРЫ

А. А. Муфтагалиева, экономика ғылымдарының кандидаты

Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Бұл мақалада экономиканың инновациялық дамуын тек обьекті және субъекті деңгейінде емес, сонымен бірге инвестициялық процестер деңгейінде де мемлекеттік реттеудің қажеттілігі дәлелденді. Аймақтағы инвестициялық-инновациялық процеске маңсатты түрде ықпал ету үшін мемлекеттік реттеудің мүмкін шараларының салыстырмалы түрдегі толық арсеналы ұсынылды. Қазіргі уақытта дамыған елдерде технологиялық прогресс өндіріс пен оның қызмет көрсету өрісіндегі бесінші құрылыштың таралуына негізделетінін ескеру арқылы, осы процестің Қазақстанда жаңа – алтынши құрылыштың жекелеген элементтерінің мазмұнымен қишаю қажеттілігін дәлелдейді. Бесінші технологиялық құрылыштың Қазақстанда кеңінен таралу болашағы өнімнің жаңа түрін дайындауда электронды автоматтандырылған қағазсыз дайындалған жобаларды кристеретін икемді өндірістік жүйелерді қолданумен және сандық бағдарламалық басқарумен станоктарда жүзеге асырылатын сәйкесінше технологияларды пайдаланумен байланысты.

В настоящей статье обоснована необходимость государственного регулирования инновационного развития экономики не только на уровне объектов и субъектов, но и на уровне инвестиционных процессов. Представлен относительно полный арсенал возможных мер государственного регулирования для целенаправленного воздействия на инвестиционно-инновационный процесс в регионе. Учитывая, что в развитых в настоящее время технологический прогресс основывается на распространении в производстве и в сферах его обслуживания пятого уклада, обоснована необходимость усиления этого процесса в Казахстане содержанием отдельных элементов нового – шестого уклада. Перспективы распространения пятого технологического уклада в Казахстане связаны с применением гибких производственных систем, сочетающих электронную автоматизированную безбумажную разработку проектов изготовления новых видов продукции и соответствующих технологий, осуществляемых на станках с числовым программным управлением.

Necessity of state regulation of innovative development of economy not only at level of objects and subjects, but also at level of investment processes is proved in the article. Rather full arsenal of possible measures of state regulation for purposeful influence on investment-innovative process in region is presented. Considering that in developed now technological process is based on distribution to manufacture and in spheres of its service of the fifth way, necessity of strengthening of this process for Kazakhstan by the maintenance of separate elements new – the sixth way is proved. Prospects of distribution of the fifth technological way in Kazakhstan are connected with applications of flexible industrial systems combining electronic automated paperless working out of projects of manufacturing of new kinds of production and corresponding technologies, carried out on machine tools with numerical programmed control.

Қазақстан экономикасының қазіргі жағдайы өндірушілерден тек қана экономика карқынын өсіруді емес, сонымен қатар, инновациялық бағытты беруді талап етеді.

Бұл шарт экономикадағы ұдайы өндіріске деген қарым катынастың өзгеруін талап етеді және дамудың бұл түрінде ғылыми техникалық прогресс, жаңа техника, прогресивті технология ерекше орынды алуы тиіс.

Ғылым және білім №3 (20), 2010

Бірақ экономикадағы қалыптасқан жағдай корпорациялардың, бірлестіктердің және жеке кәсіпорындардың инвестициялық қызметтің күшеттігіне көз жеткізеді. Бұл инвестицияны көбейту негізінде өндіріс саласында инновацияны жүзеге асырудың бір жағы болса, ал екіншісі өндірістік әлеуетті жаңғыртуда ғылымның үлесін арттыруда болып табылады.

Ішкі және сыртқы экономикалық саясаттың әсерінен FTP-ның жаңа түрінің базасы болып табылатын алтыншы укладтың алғышарттары мен бесінші технологиялық укладтың потенциалы жылдамдаған қарқынмен бұзылып жатқандығын талдау нәтижелері көрсетіп отыр.

Өндіріс сферасындағы кешендердің пеш жүйелілік тұрғысы келесілер арқылы қол жеткізіледі: ел экономикасының технологиялық құрылымын макро деңгейден бастап қоғамның технологиялық базасының нақты ғылыми құрылымын; біртұтас ұдайы өндіріс шенберін құрастырушы технологиялық укладтың құрылымы; өндірістің технологиялық тәсілдері; базалық жаңа енгізулерді жүзеге асырудың ғылыми техникалық бағыттары; техникалық модельдерін және техника жүйелерінің, машиналардың, механизмдердің жинақталуы.

Бірақ, технологиялық укладтың құрылымының қалыптасуының спецификалық ерекшеліктерін қарастыру барысында ғалымдар әрқашан оларды өнімді өндірудің техникалық деңгейінің критерийлерімен; өндірістің технологиялық тәсілінің дамуы және қалыптасу сатысының осы немесе өзге базистік инновацияның сипаттамаларымен; сонымен қатар, бағыттардың, үрпактардың, техника моделінің, энергия көздерінің өзгергендігін ескермейді және технологиялық көпукладтылық көптеген факторлардың әсерінен қалыптасатындығы және олардың уақытында ескерілмеуі немесе жеткіліксіз болуы олардың құрылымының деформациясына, өндірістің рационалды емес жүйесіне, технологиялық дағдарыстарға, сонында ұдайы өндірістің әлеуметтік экономикалық тиімділігінің қысқаруына алып келетіндігін ескерген дұрыс.

Реформаларды жүзеге асыру барысында жүйесіз жүргізілген жекешелендіру, сонымен қатар, ғылыми техникалық саладағы коммерцияландыру барысы біртұтас ғылыми техникалық құрылымды ыдыратты және өндірістің материалды техникалық қалыптасуына, ғылымның материалды техникалық базасына қираптушы ықпалын тигізді.

Аграрлық ғылымда нарықтық коньюктураға тәжірибелі және селекциялық станциялар, жануарлардың элиталық тұқымдарын шығарумен және элиталық тұқымдарды есірумен айналысатын экспериментальды базалар бағыттарын өзгертіп, жекешелендірілді. АӨК дегі ауылшаруашылық өнімдерін қайта даярлау ғылыми технологиялық базасынан айрылды.

Халықаралық байланыстар мен сыртқы сауда мемлекеттің ықпалы мен бақылауының нәтижесінде жүзеге асырылды, әсіресе, бұл технология, ноу хау, өзге де ғылыми техникалық өнімдердің саудасына және технологиялық айырбасқа қатысты болып келеді, себебі, Қазақстанның өзге елдермен жасалған лицензиялық келісім шарттары әрқашан тіркеліп бақыланбады, сондықтан ғылыми техникалық жетістіктер мен интелектуалдық байлықты сату демпингті бағамен жүзеге асырылды. Мемлекет халықаралық гранттарды иемдену бойынша конкурстарды өткізумен ғылыми техникалық қызметті қаржыландырумен айналысатын халықаралық қорлардың бақылауынан өзін өзі алшақтатты.

Жоғарыда айттылғандардың барлығын ескере келе, Қазақстанның тезарада экономикалық, нақтырақ айтсақ, жүйелілік дағдарыстың алдын алу қажеттілігінің алдында тұрғандығын айта аламыз, ол үшін өндіріс және айырбас саласында жаңа индустріалды дәуірде алдыңғы қатарлы Еуропалық елдермен бірге технологиялық үмтілілік инновациялық құрылымдық саясатты жүргізуі күшетті. Экономикалық және қаржылық дағдарыстың өршүі жағдайында инновациялық емес қызметтің стратегиясы «құрылымдық емес» өндірістің құлдырау сатысында үкіметтің және өндірістің көптеген салаларының ғылыми техникалық және әлеуметтік экономикалық қызметтің әрекет ету негізі болып табылады. Осы кезеңде дамыған елдерде өндірісте және бесінші укладтың қызмет көрсету саласында технологиялық прогрессе негізделген. Бұл ақпаратты пайдаланудағы жылдамдықты қамтамасыз етуші компьютерлік техниканы қолдану, сонымен қатар өндірісті жетілдіруге және өнімді өткізуге, оның сапасын көтеріп, шығынын азайтуға бағытталған болып келеді. Сонымен қатар, технологиялық процестің барлық элементтері (материалдық, ғылыми, еңбек) қатысады.

Ерекше орында өндірісті бағдарламалау алып отыр. Ол өз кезегінде автоматтандыруды, жұмысшылардың физикалық еңбегін алмастыруды, сонымен бірге, басқарушылық актілер мен есеп қисаптарды жүзеге асыруды адам еңбегін алмастыруды қамтамасыз етеді.

Экономикалық ғылымдар

Бесінші технологиялық құрылыштың Қазақстанда кеңінен таралу болашағы өнімнің жаңа түрін дайындауда электронды автоматтандырылған қағазсыз дайындалған жобаларды кристеретін икемді өндірістік жүйелерді қолданумен және сандық бағдарламалық басқарумен станоктарда жүзеге асырылатын сыйкесінше технологияларды пайдаланумен байланысты.

Бұл процестер барлық өндірісті және экономикалық байланыстарды ұйымдастыру жүйесіне және бірінші кезекте экономиканы корпоративті басқарудың өзге формаларының және өндірістік корпорациялардың құрылымына ықпал етеді.

Бесінші технологиялық укладтың дамуы кәсіпорындардың икемді өндірістік жүйелерін жаңа, аса жоғары деңгейге көтеретін интеграцияланған өндіріс жүйесін қалыптастыруға алғышарт жасайды. Шын мәнінде бұл кәсіпорындар телекоммуникациялық өндірістік құралдармен өзара байланысқан аса масштабты бірлестік кешендерге интеграцияланды.

Бұл ортада интеграциялық процестерді жүзеге асырмау мүмкін емес және өндіріс пен оның технологиялық жүйелерінің ішінде акция бағамы мен қаржы нарығындағы менеджерлердің іс өрекетіне байланысты емес ретте жүзеге асырылады.

Бұл жерде сөз болашақ жөнінде, бесінші технологиялық укладтың кеңінен таралуының перспективасы жөнінде болып отыр. Бұған Қазақстанның бүкіл экономикасы және өндірісі елі дайындалмай отыр.

Бұндай жағдай экономикалық реформалардың барысында қалыптасты, себебі, ол реформалар монетаризмнің ықпалы арқылы жүзеге асты, сол себепті өндірістік шарт пен экономикалық қатынастар жаңа технологиялық укладтың қажеттіліктеріне жауап береді, алмайды, тіпті бірнеше ондаған жылдарға артта қалып қойған.

Өндіріс саласындағы меншікті ыдырату тәсілі ретінде жүргізілген жекешелендірудің салдары акырғы есепте өндірісті де жекешелендіруге алып келді.

Бұнда ең басты назар жекешелендірудің нәтижесі мен қоғамдық өндірістің даму перспективасының сыйкес келмеуінде болып отыр.

Технологиялық өндірістің жаңаруының кедергісі ретінде әрине біз бірінші кезекте қажетті ресурстардың әсіресе қаржылық ресурстардың жетіспеуін алға тартамыз. Бірақ, өзге нәтижені кәсіпорындардың айналым қорларын, жинактарын, несиелерін жоғалту жағдайында қүтпеген жөн.

Қазақстан экономикасындағы бесінші укладтың қалыптасу перспективасына байланысты айтылғандардың барлығы шағын кәсіпорындардың өндірістік техникалық және экономикалық рөлін азайту дегенді білдірмейді. Бірақ, олар бүгінгі күні ғылыми техникалық және технологиялық прогрестің айқындаушысы болып табылмайды. Олардың қызметі ірі кәсіпорындармен келісім шарттардың және өзге де формадағы қарым қатынастардың негізінде тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Дегенмен, әлемдегі инновациялық қызметті жүзеге асырушылар болып бөлектелген мемлекеттердің шегінен тыс кеңінен таралған трансұлттық корпорациялар танылады. Олар өз бөлімшелерінің жүйелерін құра отырып өзге елдердің экономикасын ұйымдастыруға ықпал етеді. Отандық алдыңғы қатарлы өндірушілердің тәжірибесі көрсеткендей, инновациялық қызметтің дамуының міндеттерін бесінші технологиялық укладтың қалыптасуы мен дамуы барысында алтыншы технологиялық укладтың бөлектелген бағыттары бойынша сегменттік және нүктелік ұмтылыстарды атамағаның өзінде, кем дегенде амортизациялық құралдардың есебінен техникалық қамтамасыз ету негізінде шешуге болатындығын дәлелдейді.

Дегенмен ол үшін машиналар мен құралдардың техникалық деңгейнен базалық бағыттары бойынша технологиялық укладтың құрылымына, қажетті технологияны ескере отырып, өнімнің негізгі түрлерінің өндірісіне, өндіріске қызмет көрсететін әдістер мен құралдарға, технологиялық ағымның біркелкілікке қол жеткізу мүмкіндігі мен салалардың, өндірістердің өндірістік потенциалының техникалық деңгейнің орташа бағасына, аймақтық өндірістік және ғылыми техникалық аймаққа қазіргі таланттарға сай баға беріп алғанымыз жөн.

Қазіргі уақытта бұл түрғыдан алғанда женіл және ауыр машина жасау, отын энергетикалық кешенде, химиялық өндірісте, тамақ және женіл өнеркәсіпте, металлургиялық кешен салаларында қажетті ғылыми негіз қалыптасқан. Дегенмен, бұл салаларда жобаларды жүзеге асыруға келесідей кедергілер кездесті: реформалар концепциясы мен саясаттың тұрақсыздығы мен қарама қайшылығы, дәстүрлі протекционистік саясаттың отандық өндіріске қайшы келуі, Қазақстан экономикасының әлемдік капитал мен нарыққа ашықтығының бой алуы, мемлекет рөліне

Ғылым және білім №3 (20), 2010

жеткілікті баға берілмеуі, нақтырақ айтсақ, жаңа қоғамның қалыптасуы барысындағы барлық экономикалық процестерді мемлекеттің реттейтініне сенімсіздіктің болуы.

Сонымен қатар, Қазақстанның өзі үшін жаңа қоғамдық жүйеге енудің объективті шарттарын құру үшін өткен жылдар бойы қалыптасқан зор өндірістік және ресурстық, соның ішінде амортизациялық ресурстардың потенциалын тиімді пайдалана алмауында болып отыр.

Сонымен қоса, маңызды шарт ретінде әлемдік экономикалық ғылым мен практиканың өндірістік құрылым деңгейінде біртұтас ұдайы өндірістің жүйесіне институционалды үйимдастырушылық құрамды «кіргізгенін» атап өткен жөн.

Осылайша, өндірістің инновациялық процесінің негізі ретінде жаңа технологиялық укладты менгеру мәселелері ғылыми техникалық, экономикалық, құрылымдық ұдайы өндірістік, әлеуметтік, институционалдық және құқықтық аспекттерді жүйелі шешуді талап етеді және ғылыми негізделген критерилерді, объективті бағаларды, нақты жағдайды, бірлескен қызығушылықтарға қол жеткізуін тиімді мүмкіндіктерін, экономиканың өнімділігін айқындауышы фактор ретінде инновациялық процестерді кірістіре отырып, оның өміршендік мүмкіндіктерін ескеріп, қоғам дамуының әлеуметтік экономикалық басымдықтарын дұрыс болжамдау қажет.

Әрине, өндірісті жаңартудың объективті қажеттілігімен, оның одан әрі ескіріп, құлдырауына жол бермеумен қатар, оның қаржылық экономикалық ресурстарға, тек ел ішіндегі емес, барлық әлемдегі ғылыми техникалық жетістіктерге, әлеуметтік факторларға негізделген курделі аса көп ресурсты қажет ететін экономиканың нақты мүмкіндіктерін де ескерген дұрыс.

Бұл өндірістің инновациялық қызметі және құрылымдық қайта құрылуы көптеген капитал шығындарын қажет ететіндігін дәлелі. Қоғам қажеттіліктері тек өндірістің және оның отандық технологиялық негізінің тез арада жанғыруы арқылы қанағаттандырыла алады. Бұл халықаралық экономикалық критерийлер бойынша реформалардың сәттілігін, мемлекет қызығушылықтарын қорғалуын қамтамасыз етеді. Бірақ ұзак жылдарға созылған өндірістің құлдырауы біздің мемлекетімізді тез арада жанғыруы үшін қажет ресурстардан айрып отыр. Егер бұрынғы уақытта өндірістің бір салалары екіншілерінің есебінен қолдау көріп отыrsa, енді көптеген қоғамның қаржылық тұрақсыздығына байланысты, айналым құралдарының жеткіліксіздігінен, технология мен негізгі құралдардың ескіруінен бұндай өзара қарым қатынас мүмкін болмай отыр.

Қалыптасып отырған жағдай жылдар бойы қалыптасқан қағиданы дәлелдеді: материалдық техникалық ресурстар мен қаржыны бірінші кезекте өзінен іздеуін қажет.

Сонымен, біздің тәжірибеміз көрсеткендей, экономиканың бұл мәселесін жалпы ұдайы өндірістің тұжырымдамасымен және алтыншы технологиялық укладтың және электрондық техникалық өндіріспен, ақпараттанумен, сапалы әлеуметтік өзгерістермен қамтылған жаңа индустріалды қоғамның элементтерінен тұратын жаңа FTRның сатысында қоғамдық жүйенің даму стратегиясымен санасатын корпорациялардың жаңа ғылыми техникалық және құрылымдық инновациялық саясатының негізінде шешуге болатындығы айқындалды.

Сонымен қоса, инвестициялық қызметтің тиімділігі мәселесі есіресе алдыңғы қатарға шығып отыр. Жалпы мағынасында инвестициялық қызметтің тиімділігі инвестордың қолында бар инвестиациялық құндылықтардың ақырғы құнының олардың алғашқы құнына қатынасымен анықталады. Тіпті модельдеу тұрғысынан қарасақ та бұның берінің ену және шығу параметрлеріне ықпал етіп, тиімділіктің өзгеруіне алып келетіндігін көреміз.

Басқа сөзбен айтқанда, инвестициялық қызметті басқаруда тиімділікке сыртқы орта мен инвестиациялық процестің барысына көптеген факторлардың эсер ететіндігін ескерген жөн. Себебі бұл факторлар бір біріне ықпал ете отырып, тиімділікті арттырудың абсолютті сенімді жолын бірден анықтауға мүмкіндік бермейді. Тиімділікті арттыру бойынша жасалатын көптеген шаралар корпорация басшыларының әрқашан өздері қабылдаған шешімдерінің нәтижелеріне баға бере алмауының арқасында сәтсіздікке ұшырайды.

Біздің ойымызша, корпорациялардың инвестициялық қызметінің тиімділігін инвестиациялық стратегияға қатысты тиімділіктің негізгі түсінігі арқылы анықтау қажет.

Инвестицияның ағымдағы тиімділігі корпорация меншік ретінде қолданылатын инвестиациялық қызметтің ағымдағы нарықтық құнымен өзара байланысты болып келеді. Оның көрсеткіші табыс пен корпорацияның жалпы шығынының қатынасымен анықталады.

Бұл қатынас тұра болады, егер экономикалық тиімділікті көрсететін айнымалыны экономикалық тиімділіктің бірлігін алу үшін жұмсалған құралдар саны бойынша анықтауға мүмкін болса. Авансаланған шығындар корпорацияның нақты кезеңдегі табысын анықтауға, яғни корпорацияның инвестициялық потенциалына жанама баға беруге мүмкіндік береді. Ағымдағы шығындарға еңбек, өндірістегі материалдар, сонымен қатар, қаржылық активтерді сатып алу сату шығындарын жатқызуға болады.

Инвестициядағы жалпы экономикалық эффектісінен корпорацияның барлық инвестициялық қызметінің нәтижесін көруге болады. Ол абсолютті айнымалымен сипатталады.

Корпорацияның инвестициялық қызметінің тиімділігі алынған нәтиже мен шығынның қатынасымен анықталады, ол қызмет көлеміне және инновацияның үлестік салмағына байланысты болып келеді.

Нақты тәжірибе көрсеткендей, ірі корпоративтік жүйелер, тіпті, экономиканың құлдырауы жағдайында да өзінің біртұтастылығын сақтай отырып, бесінші технологиялық укладқа сойкес, ондағы инновацияның үлесін арттыра отырып, инвестициялық қызметің тұрақты дамуын қамтамасыз ете алады.

ӘОЖ: 330.322:338.45

ӨНЕРКЕСІПТІК КЕСІПОРЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІҢ МЕХАНИЗМІ

А. А. Муфтигалиева, экономика ғылымдарының кандидаты

Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Бұл мақалада инвестициялық шешімдерді қабылдау мен жузеге асырудың үйімдік механизмі қарастырылған. Тиімді инвестициялық жобаның мүмкіндігін жіберіп алу кәсіпорынның ұзақ мерзімді нарықтық позициясын алғарытуға білдіреді. Инвестициялық идеялар көздері көп болған сайын кәсіпорынның қызмет ету тиімділігін жоспарылату базытары да согурулым көп болады. Идеяларды іріктеу кезеңдерінің көп болуы тиімсіз инвестициялық шешімдерді қабылдау мен жузеге асыру тауекелін төмөндетуге мүмкіндік береді.

В данной статье рассмотрен организационный механизм принятия и реализации инвестиционных решений. Упустить возможность эффективного инвестиционного проекта, значит ослабить рыночные позиции предприятия в долгосрочной перспективе. Чем больше источников инвестиционных идей, тем больше направлений повышения эффективности функционирования предприятия. Многоэтапность отбора идей позволяет минимизировать риск принятия и реализации неэффективного инвестиционного решения.

Organized mechanism of acceptance and realization of investment decisions is considered in the article. To miss possibility of the effective investment project means to weaken market positions of enterprise in long-term prospect. The more sources of investment ideas, the more directions of efficiency increase of functioning of enterprise. Multistage selection of ideas allows to minimize risk of acceptance and realization of the inefficient investment decision.

Өнеркесіптің барлық салаларындағы отандық кәсіпорындар үдемелі бәсекелестікпен кездесуде. Сондықтан олардың әрбіреуі үшін нарықтың мақсатты сегменттерінде ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыру мәселесі үлкен маңызға ие. Мұның негізі фирмалық инвестициялық саясатын – нарықтық позицияны ұзақ уақытқа жаулап алуға және нығайтуға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу және жузеге асыру арқылы қалыптасады. Оны қалыптастырған кезде капитал салымдарының басым бағыттары анықталады және олардың